

УДК: 37.013 (091) (574)

«ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ» ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ

Ш. Болатқызы -

*Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасының оқытушысы
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Педагогика тарихы тәрбиенің пайда болуы мен дамуын, тәрбие мәселелерімен айналысатын мекемелердің және педагогикалық теориялардың даму заңдылықтарын қарастырады. Сондай-ақ ол әртүрлі тарихи кезеңдердегі тәрбие мен оқу, педагогикалық идеялар мен мектептердің қалыптасып дамуын зерттейтін педагогика ғылымының саласы.

Педагогика, оқыту және тәрбие мәселелері Шетелдік, Ресейлік және Қазақстандық педагогика тарихынан бізге мәлім. Көрнекті педагогтарымыз рухани байлығы мол жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің атқаратын ролін ерекше атаған. Мысалға, Абай ағамыз жастарды үнемі достық, татулық, әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге шақырды. Балалардың дүниеге деген көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының, отбасы тәрбиесінің ролін жоғары бағалаған. Ал Л.Н. Толстойдың айтуынша: «Тәрбие дегеніміз - бізге жақсы болып көрінетін адамды қалыптастыру мақсатындағы біреудің екінші адамға әсер етуі!». Яғни тәрбие баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастырады. Сонымен тәрбие дегеніміз - аға ұрпақтың өскелең жас ұрпаққа беретін тәлім-тәрбиесі, көрсететін үлгі-өнегесі. Педагогиканың негізгі ұғымдары - тәрбие, білім беру және оқыту біріне-бірі тәуелді, өзара тығыз байланысты болып келеді. Оқыту процесінде білім мен тәрбие беру бір-бірімен ұштастырыла жүргізіледі. Осы тұрғыдан ұлы ойшылымыз Әбу Насыр әл-Фарабидің: «Адамға ең алдымен білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі.» - деген ойын негізге алсақ болады.

Педагогика тарихы ғылым ретінде және оның негізінде құрылған оқу пәні жалпы түрде қоғам өміріндегі тәрбиенің теориясы мен тәжірибесінің даму заңдылықтары үрдісін зерттейді. Тәрбие үрдіс ретінде белгілі әлеуметтік, қоғамдық жағдайларда пайда болды. Тәрбие алғашқы қауымның пайда болуымен қатар пайда болды және оның дамуының барлық кезеңдерінде өмір сүреді. Ол қоғамдық дамудың тарихымен тығыз байланысты. Тәрбие - мәңгілік болып табылады. Қай ғасырда болсын тәрбие мәселелері назардан тыс қалмаған. Себебі бала тәрбиесі мемлекеттің маңызды бағдарламасы. Тарихи-педагогиканың білім беруде маңызды әдіснамалық негіздеуге өркениет тұрғысынан қарау жатады, ол тәрбиенің тарихи педагогикалық идеялары мен тәжірибесінің дамуын бағалауда әлеуметтік алғышарттарды енгізуге мүмкіншілік жасайды, оның дамуын әлеуметтік себептермен негіздейді.

«Педагогика тарихының» оқу пәні - педагогикалық ой-пікірдің негізгі даму бағыттары туралы түсінік береді. Батыс Еуропа, Ресей және Қазақстандағы білім беру мен тәрбиелеуді қамтитын педагогика тарихы мәселелері сонымен қатар балалардың тәрбиесі мен дамуындағы мектептің, білімнің орны, педагогикалық теориялар мен оны тәжірибеде іске асыру мәселелері қарастырылады. Аталмыш курс төрт тараудан тұрады.

1. «Педагогика тарихы» курсының теориялық-әдіснамалық негіздері;
2. Шетел педагогикасы мен мектептерінің тарихы;
3. Ресей тарихындағы тәрбие, мектеп және педагогика тарихы;
4. Қазақстан тарихындағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ой-пікірлер.

Педагогика тарихы педагогикалық жүйенің негізін қалаған чех ойшылы Я.А.Коменскийдің атымен тығыз байланысты. Оның теориялық идеялары дүниежүзіне кең танымал да, әрі осы күнге дейін өз маңызын жойған емес. Я.А.Коменскийдің әйгілі «Ұлы дидактика» атты еңбегінде балаларды оқытудың негізгі теориялық мәселелері мен оларды ұйымдастырудың жолдары баяндалған. Я.А.Коменскийдің ізімен Батыс Еуропалық педагогика тарихында елеулі еңбегімен көрінген ғылым

өкілдері келіп шықты. Олардың ішінде аса көрнектілері Англияда Дж.Локк (1632-1704), Францияда Жан-Жак Руссо (1712-1781), Швейцарияда И.Г.Пестолоцци (1746-1827), Германияда И.Гербарт (1776-1841) және А.Дистервег (1790-1866), Француз ойшылдары, педагогтар К.Гельвеций, Д.Дидро т.б. болды. Ресейдегі тәрбие мен педагогикалық ойлардың дамуы М.В.Ломоносов, В.Г.Белинский, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстойдың есімдерімен тығыз байланысты. Ал Қазақстандық педагогикалық ой-пікірлердің қалыптасуы ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ұлы ағартушыларымыз Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев және Ыбырай Алтынсарин есімдерімен байланысты.

Сондай-ақ педагогика ғылымының дамуына игі әсерін тигізген, ең бастысы педагогиканың теориясы мен тарихын жете зерттеп, оны көркейте түсе білген ХХ ғасырдың орта ширегіндегі Қазақстан педагогикасының дамуында Ә.Сембаев, Р.Лемберг, Ш.Әлжанов, С.Қожахметов, Т.Тәжібаев және Қартбай Бержанов сынды көрнекті педагогтар болды. Бұл ғалымдарымыз Қазақстандық оқу-ағарту ісін ұйымдастыруда өзіндік із қалдырып, аянбай еңбек етті. Жастарды білімге, ғылымға тарту, адамгершілікке тәрбиелеу, еңбекке баулу сияқты мәселелері жолында, педагогика ғылымының дамуы жолында үздіксіз еңбектенді.

Педагогика тарихы курсына ғылым жолында қызмет еткен көрнекті педагогтардың ой-пікірлерімен қатар аса дарынды философтардың, ойшылдардың, жазушылардың және қоғамдық қайраткерлердің педагогикалық көзқарастары талданылады, тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері туралы, кейбір әдістемелік мәселелер туралы құнды идеялар қалдыру тұрғысында бағыт беріледі.

Педагогикалық оқу орнындарында студенттердің болашақ мұғалімдік бағытын анықтауда, әсіресе олардың осы мамандыққа қызығушылығы мен ынтасын қалыптастыруда педагогика тарихы курсының алатын орны ерекше. Педагогика тарихын оқу барысында студенттердің тарихи-педагогикалық білім жүйесі, дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптасады, сондай-ақ педагогикалық мұраға деген қызулығы артта түспек. Бұл ғылым саласын меңгеруде студент тәрбие ісімен айналысқан көрнекті ойшылдармен, түрлі дәуірлердегі және халықтардағы педагогтардың көзқарастарымен, еңбек жолы және мұраларымен таныс болады.

Қазақ тілінде педагогика тарихынан тұңғыш жарық көрген бағалы еңбек Қ.Б.Бержанов пен С.М.Мусиннің бірлесе ұзақ жылдар бойы зерттеп жазған еңбектері «Педагогика тарихы» (Алматы, 1984) оқулығының орны ерекше. Бұл оқулық қазіргі таңда да құнды және бағалы еңбек болып табылады. Оқулықта педагогикалық ой-пікірлердің негізгі даму бағыттары туралы түсінік беріледі. Тарихи дамудың әртүрлі кезеңдеріне сәйкес қоғам мен мектептің өзара қарым-қатынасының сипатын Батыс Еуропа, Ресей және Қазақстандағы тәрбие және білім берудегі жайыттары талданады. Сондай-ақ балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы мектептегі білім берудің орны, діни-шіркеулік білім беру, тәрбие тәжірибесінде педагогикалық ойлар және олардың жүзеге асырылуы қарастылады. Бұл оқулық қазіргі таңда студенттердің, мұғалім және оқытушылардың арасында ең құнды еңбектердің бірі ретінде танымал. «Педагогика тарихы» арқылы болашақ мұғалімдер педагогика ғылымының бай қазынасы мен мұраларын меңгереді, тарихи дәуірлердегі педагогтардың теорияларымен танысады. Кеңес мектебінің алғашқы жылдарындағы халық ағарту ісін дамыту мен қалыптастыруды Н.К.Крупская, М.Н.Калинин, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко т.б. көрнекті педагогтардың ықпалының орасан зор болғаны осы еңбекте ерекше анықталады. Педагогика тарихын белгілі бір жүйемен Шетелдер мектебі мен педагогикасының тарихы, алғашқы қоғамдағы тәрбие, тәрбиенің пайда болуы, отбасы тәрбиесі т.б., сондай-ақ совет халықтарының мектептері мен педагогикалық ой-пікірлерінің тарихи мәселесі баяндалады. Оқулықта педагогика ғылымының негізін қалаушы Я.А. Коменскийден бастап, әртүрлі кезеңдердегі педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлес қосқан Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Пестолоцци, А.Дистервег, М.В.Ломоносов, А.И.Герцен, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой және қазақтың көрнекті ағартушы-педагогтары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және Ш.Уәлихановтардың қызметтері мен педагогикалық көзқарастарын зерттеп еңбектеріне талдау жасалынады. Жалпы айтқанда, оқулықта «Кіріспе», «Алғашқы қоғамдағы тәрбие», «Құлдық қоғамдағы тәрбие мен мектеп», «Феодалдық қоғамдағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ой-пікірлер», «Қайта өрлеу дәуіріндегі мектеп және педагогикалық ойлар» сондай-ақ педагогика ғылымының даму тарихына байланысты педагогтардың өмірінен мағлұматтар беріліп олардың қызметтері мен педагогикалық көзқарастары бейнеленеді. Кейінгі уақытта педагогика тарихынан басқа да көптеген оқулықтар жарық көруде. Педагогика тарихы бойынша оқулықтардың, оқу құралдарының және көмекші құралдарының шығуы педагогиканың жетістіктерін негіздеуге, жүйелеуге және қорытындылауға ықпал етеді.

Педагогика тарихы оқу пәні студенттерді кәсіби дайындауда үлкен рөл атқарады. Р.М.Қоянбаевтың педагогикалық сөздігінде «Педагогика тарихы - теория мен тәжірибенің жағдайын және дамуын, адамзат қоғамының түрлі кезеңдерде дамуындағы жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды зерттейді» [3, 114] деп анықтама беріледі. Демек, бұл курсты меңгеру арқылы студенттердің педагогикалық ой-өрісі кеңейеді, педагогикалық тұрғыдан ойлануға дағдыланады және педагогикалық шеберліктері қалыптасады. Сондай-ақ педагогика теориясының даму үрдісінің заңдылықтарын танып білуге және қойылған міндеттерді шешуге жетелейді.

1. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы.- Алматы, 1984.
2. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. - Алматы, 2000.
3. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. - Алматы, 2006.
4. Қоянбаев Р., Ыбыраимжанов Қ. «Педагогикалық сөздік». - Түркістан, 2006.
5. Сейталиев Қ. Педагогика тарихы. - Алматы, 2008.

Резюме

В данной статье рассматривается важность изучения истории школы и педагогической мысли в подготовке будущих педагогов.

Summary

The article is examined the possibility of learning the history of school and pedagogical views of preparing future teachers.

М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Ғ.Т. Абилбакиева -

Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасының оқытушысы Абай атындағы ҚазҰПУ

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында, «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» атты қаулыларында кезінде асыра сілтеу мен зұлматтың зардабына ұшыраған қазақ зиялы қауымының мұрасын қалпына келтіріп, оны бүгінгі қазақ халқының жасап жатқан тарих тағылымдарымен сабақтастыра отырып жалғастыру көзделген.

XX ғасырдың басындағы қазақтың ағартушылық, демократтық бағыттағы оқыған азаматтарының бірі – қайраткері Міржақып Дулатов еді. Аумалы-төкпелі заманда елдің болашағы үшін атқарған күреске толы қызметімен де, шығармашылық мұрасымен де ол халқына аяулы, еліне құрметті.

М. Дулатов - сан қырлы тұлға, атап айтқанда ол - ғалым, ұстаз, математик, қоғам қайраткері, ақын, жазушы. Сонымен қатар ол тәрбие жөніндегі мәселелерге аса мән берген. Оның «Оян, қазақ!» 1909 жылы, «Терме» (жинақ) 1919 жылы, «Азамат» (өлеңдер жинағы) 1913 жылы еңбектері жарық көрді. Осы еңбектерінде тәрбиеге қатысты мәселерді қозғады.

Тәрбие дегеніміз не? Энциклопедияда берілген классикалық анықтамасы былайша жазылған: «тәрбиелеу – тәрбиеленушіге нақты бір дүниетанымды, адамгершілікті қалыптастыру, нақты мінез-құлық қырларын, әдеттерді және талғамдарды өңдеу, нақты тән қасиеттерін, ақыл-ой қабілеттерін және т.б. дамыту мақсатымен мақсаткерлік және жүйелік ықпал ету». Сондай-ақ: «... тәрбиелеу оқытумен тығыз байланысты; тәрбиенің көптеген міндеттері оқыту үрдісінде қол жеткізіледі». Анықтамадан көрініп тұрғандай, тәрбиелеу оқытумен көп байланысты, алайда біртұтас емес.

Тәрбие түсінігіне педагогикалық психология сәл өзгеше анықтама береді. Өзінің пәнінен шыға отырып, «тәрбиелеу психологиясы тәрбиелеуші және оқытушы әсерінің ықпалымен пайда болатын жеке тұлғаның мінез-құлық қырлары, әдеттері, сұраныстары, тәртіп тәсілдері, жаңа сезімдері мен қатынастары секілді жаңа қасиеттердің туындау тетіктерін зерттейді». Педагогикалық психология кейбір ықпалдар бір нәтижелерге, ал өзгелері басқаларға нәтижелерден әлсіздігін немесе бір ықпалдың әр түрлі адамдарға әр қалай ықпалы және тіпті бір адамға әр түрлі жағдайларда ықпал етуін айқындайды.